

Осы аударма ресми
аударма болып
табылмайды

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

26 ақпан 2024 жыл

№: AIFC-C/SCC/2024/0003 ic

(1) Кусаев Серік Самигатович

(2) Рахатов Болат Болатұлы

Талап қоюшылар

қарсы

«GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd» ЖК-на

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қою қанағаттандырылды.
2. Осы бұйрық қабылданған сәттен бастап 21 күннің ішінде Жауапкер 1-ші Талап қоюшы Күраев Серік Самигатович мырзаға 1 653 069 теңге және 2-ші Талап қоюшы Рахатов Болат Болатұлы мырзаға 1 153 069 теңге төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Еңбек дауын реттеу мақсатында Талап қоюшылар 2023 жылғы 30 наурызда Жауапкермен келісім ("**Келісімдер**") жасасты.
2. Келісімдерге сәйкес, Жауапкер Бірінші Талап қоюшыға 2023 жылғы 1 тамызға дейін 1 500 000 теңге, ал Екінші Талап қоюшыға осы мерзімге дейін 1 000 000 теңге төлеуге міндетті болды.
3. Осы талапты қоя отырып, Талап қоюшылар бұл соманы Жауапкердің төлемегенін мәлімдейді. Олар сондай-ақ 2023 жылдың 2 тамызында Жауапкерге мерзімінен кешіктірілген төлемді өтеу талап етілген электрондық хат жібергенін айтады. Шамалауымызша, жауап болмаған.
4. Жауапкер талап бойынша қарсылық берген жоқ және осы талқылауға қандай да болмасын нысанда қатысқан жоқ.
5. Ұсынылған материалдардың негізінде, талап арыздың Жауапкерге тиісті түрде табысталғанына Соттың көзі жетті.
6. Әрбір Келісімнің 5.2-тармағына сәйкес, Келісімдерден туындайтын даулар АХҚО сотының юрисдикциясына жатады. Талап қою сомасы АХҚО Ұсақ даулар сотының ("**ҰДС**") юрисдикциясына жатады.
7. Жауапкер талап қою бойынша қарсылық бермегенін ескере отырып, Талап қоюшылар АХҚО соты Қағидаларының 9-бөліміне сәйкес сырттай шешім шығаруды талап етіп отыр. Алайда, 28.7 қағидаға сәйкес, 9-бөлім ҰДС-тағы талқылауларға қолданылмайды. Тиісінше, Сот түпкілікті (сырттай емес) шешім шығаруға көшті.
8. Сот Талап қоюшылар баяндаған тиісті фактілерді қабылдайды және Жауапкердің оларды даулауы үшін жеткілікті мүмкіндіктері бар болғанын және олай етпегенін атап өтеді.
9. Сонымен, талап қою қанағаттандырылды.
10. Шығыстар туралы мәселе қалады. Талап қоюшының екеуі де осы талапты қоюмен байланысты сот және нотариус шығындары оларға өтелуін талап етіп отыр. АХҚО сотының 26.9(2) қағидасына сәйкес, ҰДС талқылауындағы шығыстар ақылға қонымсыз әрекет еткен тарапқа ғана ұйғарыла алады. Егер Жауапкердің тарапынан өзара әрекеттесудің мүлде болмауы Талап қоюшыға осы сотқа жүгінуден басқа амал қалдырмаса және Жауапкер өзара әрекеттеспеуін талқылау басталғаннан кейін де жалғастырса, бұл ақылға қонымсыз

мінез-құлық ретінде қарастырылатыны әбден мүмкін екені жақсы белгілі. Жуырда қаралған **"Әсемгүл Алагөзова ханым Бағазат Амантай мырзаға қарсы"** 2023 жылғы 45-ші істің 22-бетін және **"АВРОРА МИНЕРАЛС ГРУПП" ЖШС "ТЕКШАН МАДЕН" ТДҰ-ға қарсы"** 2023 жылғы 41-ші істің 13-14 тармақтарын, сондай-ақ оларда келтірілген бұрынғы прецеденттік практиканы қараңыз. Оларда баяндалған қағидаттарды қолдана отырып, Сот осы істің мән-жайларында екі Талап қоюшының да оларға мәлімделген шығыстар толық көлемде өтелуіне құқықтары бар деген қорытындыға келеді.

Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшылардың атынан Юлия Давыдова ханым өкілдік етті, Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының заңгері, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.